

1996 жылы жаңа тұрғын үй саясатын жүзеге асыруға көзделген республикалық бюджеттің қаражатын пайдалану туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 25 наурыздағы N 344 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 23 сәуірдегі N 381 Қаулысымен

Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.04.23 N 381 Қаулысымен.

"1996 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 21 желтоқсандағы N 2700 U952700_ Заң күші бар Жарлығын орындау үшін және "1996 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 21 желтоқсандағы N 2700 Заң күші бар Жарлығын жүзеге асыру туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 11 қаңтардағы N 53 P960053_ қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Құрылыс, тұрғын үй және аумақтарда құрылыс салу министрлігінің 1996 жылға республикалық бюджетте жаңа тұрғын үй саясатын жүзеге асыруға көзделген қаражаттан 2414776 мың /екі миллиард төрт жүз он төрт миллион жеті жүз жетпіс алты мың/ теңге бөлу туралы ұ с ы н ы с ы қ а б ы л д а н с ы н .

2. Облыстар мен Алматы қаласы бойынша 1996 жылға арналған: халықтың әлеуметтік қорғалатын бөлігі үшін мемлекеттік тұрғын үй құрылысына арналған күрделі қаржының көлемі 1 қосымшаға сәйкес;

10 және одан да көп жыл тұрғын үй алудың кезегінде тұрған отбасыларына өтеусіз жәрдемақының көлемі 2 қосымшаға сәйкес;

құрылыс салуға ұзақ мерзімді кредит беруге немесе мемлекеттік мүлікті жекешелендіруден 1996 жылы алынған қаражат есебінен азаматтардың тұрғын үй алуына арналған ресурстардың көлемі 3 қосымшаға сәйкес;

коммуналдық шаруашылық объектілерінің құрылысына арналған күрделі қаржының көлемі 4 қосымшаға сәйкес бекітілсін.

3. Облыстар мен Алматы қаласының әкімдері Қазақстан Республикасының Тұрғын үй құрылысы мемлекеттік банкімен және мүдделі министрліктермен, мемлекеттік комитеттермен және басқа мемлекеттік органдармен бірлесіп, осы қаулыда көзделген қаражатты тиімді игеру мен мақсатты пайдалану жөнінде қ а ж е т т і ш а р а л а р қ а б ы л д а с ы н .

Қазақстан Республикасының Құрылыс, тұрғын үй және аумақтарда құрылыс салу министрлігі осы жұмыстарды жалпы үйлестіруді қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің жанындағы Валюта-қаржы бақылау комитеті аталған қаражаттың мақсатты пайдаланылуына бақылау орнатсын және Қазақстан Республикасының Үкіметіне ауық-ауық хабарлап о т ы р с ы н .

5. Қазақстан Республикасының Статистика және талдау жөніндегі

мемлекеттік комитеті қаржыландырылуы осы қаулымен көзделген тұрғын үй және коммуналдық шаруашылық объектілері құрылысының барысы туралы ақпараттың ай сайын беріліп тұруын қамтамасыз етсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1996 жылғы 25 наурыздағы
N 344 қаулысына
1 қосымша

1996 жылы халықтың әлеуметтік қорғалатын бөлігі
үшін мемлекеттік тұрғын үй құрылысына арналған
күрделі қаржылардың
КӨЛЕМІ

/мың теңге/

БАРЛЫҒЫ:	419776
оның ішінде облыстар бойынша:	
Ақмола	138951
оның ішінде:	
Ақмола қаласы	114000
Ақтөбе	11895
Алматы	4189
Атырау	10488
Шығыс Қазақстан	20334
Жамбыл	9846
Жезқазған	8103
Батыс Қазақстан	14586
Қарағанды	19080

Қызылорда	10519
Көкшетау	8715
Қостанай	26052
Маңғыстау	13638
Павлодар	13271
Солтүстік Қазақстан	8195
Семей	19600
Талдықорған	10610
Торғай	4648
Оңтүстік Қазақстан	17276
Алматы қаласы	49780*

Ескерту: <*> Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің
1992 жылғы 30 сәуірдегі N 403 - 12 қаулысы
ескерілді.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1996 жылғы 25 наурыздағы
N 344 қаулысына
2 қосымша

10 және одан да көп жыл тұрғын үй алудың
кезегінде тұрған отбасыларына 1996 жылғы
өтеусіз жәрдемақының
КӨЛЕМІ

/мың теңге/

БАРЛЫҒЫ:	100000
оның ішінде облыстар бойынша:	
Ақмола	8533
оның ішінде:	
Ақмола қаласы	5124
Ақтөбе	4498
Алматы	5770
Атырау	2729
Шығыс Қазақстан	5648
Жамбыл	5874
Жезқазған	2909
Батыс Қазақстан	3998
Қарағанды	6970

Қызылорда	4028
Көкшетау	3958
Қостанай	6014
Маңғыстау	1969
Павлодар	5678
Солтүстік Қазақстан	3628
Семей	4908
Талдықорған	4338
Торғай	1839
Оңтүстік Қазақстан	10391
Алматы қаласы	6320

Қазақстан Республикасы
 Үкіметінің
 1996 жылғы 25 наурыздағы
 N 344 қаулысына
 3 қосымша

1996 жылы құрылыс салуға ұзақ мерзімді жеңілдікті
 кредит беруге немесе мемлекеттік мүлікті
 жекешелендіруден алынған қаражат есебінен
 азаматтардың тұрғын үй алуына арналған ресурстардың
 КӨЛЕМІ

/мың теңге/

БАРЛЫҒЫ:	1455000
оның ішінде облыстар бойынша:	
Ақмола	124206
оның ішінде:	
Ақмола қаласы	74590
Ақтөбе	65476
Алматы	83371
Атырау	39722
Шығыс Қазақстан	82207
Жамбыл	85501
Жезқазған	42341
Батыс Қазақстан	58200
Қарағанды	101453

Қызылорда	58636
Көкшетау	57616
Қостанай	87538
Маңғыстау	28664
Павлодар	82644
Солтүстік Қазақстан	52816
Семей	71440
Талдықорған	63147
Торғай	26772
Оңтүстік Қазақстан	151254
Алматы қаласы	91996

Қазақстан Республикасы
 Үкіметінің
 1996 жылғы 25 наурыздағы
 N 344 қаулысына
 4 қосымша

1996 жылы коммуналдық шаруашылық объектілерін
 салуға арналған күрделі қаржының
 КӨЛЕМІ

Тапсырыс беруші, объектінің атауы мен орналасқан жері	Өлшем бірлігі	Қуаты ену мерзімі	Қолданысқа көлемі	Күрделі қаржы /мың теңге/
---	------------------	-----------------------	----------------------	------------------------------

БАРЛЫҒЫ: 440000

Оның ішінде:

Солтүстік Қазақстан
 облысының әкімі

Канализациялық тәулігіне 82,2 1996 жыл 88000
 тазарту ғимараты, мың текше
 оңтүстік коллектор, метр
 Петропавл қаласы

Алматы қалалық
"Водоканал" су
құбыры-канализация
шаруашылығы өндірістік
бірлестігі

Сорбұлақ каналының км 28,2 1996 жыл 125000<*>
оң жағалауынан
авариялық төгу
/қосу кешені/
Алматы облысы

Шығыс Қазақстан тәулігіне 88,0 1996 жыл 127000<*>
облысының әкімі мың текше
метр

Өскемен қаласындағы
қалдық суларды
тазарту ғимаратын
кеңейту /қосу кешені/

Жезқазған облысының әкімі объектілері 1996 жыл 100000<*>
Приозерск қаласының
коммуналдық шаруашылық
объектілері

ЕСКЕРТУ. 4-қосымшаға өзгерістер енгізілді - ҚРҰ-нің 1996.11.07.
N 1354 қаулысымен. P961354_